

АССАМБЛЕЯ ҮНДЕУ ЖОЛДАДЫ

Астанада Бейбітшілік және келісім сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) Кеңесінің отырысы өтті. Кеңес жұмысына Парламент депутаттары, республикалық этно-мәдени бірлестіктердің, ҰЕҰ, ҚХА ғылыми-сараптау кеңесінің басшылары, БАҚ өкілдері қатысты.

Отырыс барысында Кеңес мүшелері бірауыздан Президент сайлауын мерзімінен бұрын өткізу туралы азаматтардың ҚХА-ға жасаған ұсынысын қолдайтынын жеткізді.

Кеңес мүшелері атап өткендей, әлемдік экономикалық дағдарыс кезінде біздің елімізде мерзімінен бұрын сайлау өткізу «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға, «Қазақстан-2050» Стратегиясында көрсетілген елімізді дамытуға бағытталған бағдарламаларды дамытуға мүмкіндік береді.

Отырыс қорытындысы бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері депутаттық топқа Парламент Мәжілісінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге бастама көтеру туралы Үндеу жолдады.

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ «ӘКІМ-ДЕРДІҢ ХАЛЫҚҚА ЕСЕП БЕРУ КЕЗДЕСУЛЕРІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ» 2013 ЖЫЛҒЫ 15 ТАМЫЗДАҒЫ №615 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС, ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ ҚЫРЫМБЕК ЕЛЕУҰЛЫ КӨШЕРБАЕВ 2015 ЖЫЛҒЫ 18 АҚПАНДА САҒАТ 11.00–ДЕ Н.БЕКЕЖАНОВ АТЫНДАҒЫ ДРАМА ТЕАТРДА ХАЛЫҚ АЛДЫНДА ЕСЕП БЕРЕДІ.

Халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлері үшін арнайы жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған:

Арал ауданы бойынша: аудан әкімдігі ғимараты, аудандық мәдениет үйі ғимараты.

Қазалы ауданы бойынша: аудандық пошта, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қазалы темір жол вокзалы.

Қармақшы ауданы бойынша: Жосалы кенті әкімі аппаратының ғимараты, Вокзал ғимараты, «Халық Банк» АҚ аудандық бөлімшесінің ғимараты, «Қазпошта» аудандық байланыс мекемесінде.

Жалағаш ауданы бойынша: Аудан әкімі аппаратының ғимараты, аудандық мәдениет үйі ғимараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы.

Сырдария ауданы бойынша: Аудандық мәдениет үйі, аудан әкімдігі ғимараты, №35 орта мектеп, №36 орта мектеп, №210 орта мектеп, аудандық орталық аурухана, кент әкімдігі ғимараты, №131 орта мектепте.

Шиелі ауданы бойынша: Темір жол вокзалы, «Халық Банк» филиалы, Халыққа қызмет көрсету орталығы, аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы.

Жаңақорған ауданы бойынша: Аудан әкімі аппаратының ғимараты, Жаңақорған кент әкімдігінің ғимараты.

Қызылорда қаласы бойынша: Темір жол вокзалы ғимараты, «Жайна» базары, «Арзан» базары, «Жаңа базар» базары, «Сыбаға» базары, «Универсам» сауда үйі, Автовокзал ғимараты, Титов қыстағы М.Ералиева атындағы мәдениет үйі, Әуезай ғимаратында орналастырылған.

Ескертпе: Барлық аудандардағы, Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттерде әкім аппараты немесе ауылдық клуб ғимараттарында жәшіктер орналастырылған.

САЛЫҚ КОДЕКСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ТҮСІНДІРІЛДІ

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ұйымдастыруымен Салық кодексіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы семинар-кеңес өткізілді. Семинар кеңеске әр саладағы есеп қызметкерлері, салық төлеушілер, бизнес өкілдері қатысты.

Семинар-кеңесті Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Нұрлан Отаров ашып, «ҚР Президентінің «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформа туралы» Жарлығы және ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары туралы» Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті және Кедендік бақылау комитеті бірігу жолымен қайта құрылғанын атап өтті. Соған байланысты Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті қайта жаңа құрылым болып өзгерді. Осы құрылымдық өзгерістерге байланысты бұрынғы салық, кеден органдары және қаржы полициясының экономикалық қылмыстары бойынша атқарылып келген жұмыстар біріктіріліп, бір мемлекеттік кірістер департаменті аясында өз жұмысын жалғастырады.

Семинар-кеңесте Салық кодексіне қосылған құн салығы бойынша, оның ішінде Еуразиялық экономикалық кеңістікке қатысты жерлерін қамти отырып, ауыл шаруашылығы саласындағы арнаулы салық режимдері түсіндірілді. Атап айтқанда, этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша түсіндірмелер берілді. Сол секілді дара кәсіпкерлердің жекелеген санаттарының қызметін оңайлатылған тәртіппен тоқтату, дара кәсіпкерді, жеке нотариусты, жеке сот орындаушысын, адвокатты, кәсіби медиаторды тіркеу, тіркеу деректерін өзгерту жайы жеткізілді. Өсімпұлдар мен айыппұлдарды есептен шығару, тәуекелдерді басқару жүйесі, ҚР-ның жаңа Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің Салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтардағы өзгерістер қамтылды.

Семинар соңында, кірістер департаменті басшысының орынбасары Мұса Қалдарбеков салық төлеушілердің жұмысына табыс тілеп, семинарға белсенді қатысқандарына рахмет айтты.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

17 АҚПАН СЕЙСЕНБІ

2015 ЖЫЛ №24 (18912)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

www.syrboyi.kz

ШЫНЫ ЗАУЫТЫ ШАҢҰРАҒЫН КӨТЕРЕДІ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Титов қыстағының іргесіндегі индустриалдық аймақта ірге көтеретін шыны зауытының орнында болып, осындағы жұмыс барысымен танысты.

Алдымен бірнеше кәсіпорын ірге көтеретін индустриалды аймаққа тоқталайық. Өндірістік аймақ Қызылорда қаласының солтүстік батыс бөлігіне орналасқан. Аталған аймақтың ерекшелігі – мұндағы жер телімі кәсіпорын саламын деген әлеуетті инвесторларға сауда-саттықсыз, яғни, жалға беріледі. Бастысы, мұндағы инженерлік инфрақұрылым мемлекет есебінен жүргізіледі. Атап айтқанда, автомобиль жолы мен темір жол желісі, электр, ауыз су, көріз, телефон желілері және газбен жабдықтау бюджет қаржысына жеткізіліп беріледі. Айта кетсек, 2014 жылы сыртқы инженерлік инфрақұрылымды жеткізуге облыстық бюджеттен 464,2 млн теңге бөлініп, қаражат игерілуде. Мәселен, бүгінгі таңда аталған аймаққа дейін су және телефон желілерін тарту ісі толық аяқталды. Мамандардың айтуынша, газ жүйесі 85 пайызға, көріз жүйесін жүргізу – 80, ал тас жол салу жұмыстары 63 пайызға орындалыпты.

Ал осы жылы аталған аймақта жүргізілуге тиісті инженерлік инфрақұрылымның сметалық құны 2,2 млрд теңгені құрайды. Биылғы жылы ел қазынасынан қаралған қаржыға электр желілерін тарту көзделіп отыр. Толығырақ айтсақ, шыны зауытын электр қуатымен қамтамасыз ету мақсатында «Про-



зауытынан өзге бұл аймақта тағы 5 кәсіпорын түседі.

Облыс әкімінің орынбасары Ғалым Әміреев аймақ басшысына осы мәліметтерді баян етті. Ал осыдан бірнеше күн бұрын жерді дайындау жұмыстарын жүргізе бастаған мердігер компания «Техсервис-Қызылорда» ЖШС басшысы Мұрат Жаббарбергенов жаңа өндіріс орнында 20 техника мен 30 адам жұмыс жасап жатқанын, енді қоршау жұмыстарын қолға алғанын жеткізді. Аймақ басшысының белгісінен соң құрылысшылар шыны зауытының аумағын бетонмен қоршау жұмыстарын бастап кетті. Айта кетейік, кәсіпорын аумағы 50 гектарды құрайды.

Ғ.Әміреевтің айтуынша, зауыттың іргетасын қалау жұмыстары наурыз айының алғашқы жартысында басталады. Нақты кезеңде жобаны жүзеге асыру бойынша әлеуетті АҚШ инвесторларымен жұмыс жүргізілуде. Стратегиялық әріптесіміз «Stewart Engineering» атты компания.

Сонымен, көпшілік күткен кәсіпорынның құрылыс жұмыстары осы наурызда басталады. Зауыт құрылысы 2017 жылдың ІІІ тоқсанында аяқталды. Жобаның алғашқы кезеңінде 300 адам жұмыспен қамтылып, кәсіпорын тәулігіне 600 тонна, ал, жылына 197 мың тонна шыны табақшасын

шығаралы.

Бұған қоса, кәсіпорын толық қуаттылыққа көшкен кезде өнімнің бірнеше түрін, атап айтқанда, табақша шыны, энергия үнемдегіш әйнек, айна, ламинатталған әйнек, шыңдалған және оқшауланған әйнектер шығарады.

Ең ғажайып, шыны өндірісіне қажетті шикізат-жергілікті кварц құмының мол қоры өзімізде, Арал және Қармақшы аудандарында бар.

Байыптап қарасақ, қолымыздағы мүмкіндіктен қарап отырып айрылып қала жаздаппыз. Шыны зауытының құрылысы Үкімет шешімімен Ақтөбе облысына кетіп қалған. Аймақ жетекшісі бұл жобаны дер кезінде қолға алып, өз несібімізді өңірге қайта әкелуге күш салды. Кешегі аға буын өкілдері облыс орталығында кеңестік дәуірде аты одаққа дүркіреген ЦКЗ, ФНМ секілді зауыттар болғанын бүгінгі ұрпағына жыр қылып айтады. Енді, міне, қазір аты түгіл заты да жоқ сол кәсіпорындардан кейін облыс орталығында тұңғыш рет ірі өндіріс ошағы ірге көтергелі отыр. Іске сәт дейміз!

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ, Бағдат ЁСЖАНОВ (сурет).

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНДА ЖАҢА ӘКІМ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен Жаңақорған ауданы активінің жиыны өтті.

Жиында аймақ басшысы Жаңақорған ауданын үш жыл бойы басқарған Сұлтанбек Тәуіпбаевтың Қызылорда қаласындағы И.Өздікқаримов атындағы аграрлық-техникалық колледжінде директор болып тағайындалуына байланысты аудан әкімі қызметінен босатылғандығын хабарлады. Облыс әкімінің 2015 жылғы 16 ақпандағы өкімімен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың келісімдері бойынша Жаңақорған ауданының әкімі қызметіне Руслан Рүстемов тағайындалғанын мәлімдеп, жұртшылыққа арнайы таныстырды.

– Әл Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің бітірген Руслан Рүстемов жоғары оқу орындарында оқытушы, мәдениет саласында басшылық қызметтер атқарған, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы, Шиелі ауданы, Қызылорда қаласы әкімдерінің орынбасары лауазымдарын атқарған жан-жақты

ысылған азамат, – деді өз сөзінде Қырымбек Елеуұлы. – Мемлекет басшысының таптанбек Тәуіпбаевтың Қызылорда қаласындағы И.Өздікқаримов атындағы аграрлық-техникалық колледжінде директор болып тағайындалуына байланысты аудан әкімі қызметінен босатылғандығын хабарлады. Облыс әкімінің 2015 жылғы 16 ақпандағы өкімімен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және аудандық мәслихаттың келісімдері бойынша Жаңақорған ауданының әкімі қызметіне Руслан Рүстемов тағайындалғанын мәлімдеп, жұртшылыққа арнайы таныстырды.

Активте аудан ардагерлері атынан сөз алған Мұзарап Махмұдов, Қуанышбек Мейірбеков әкім сенімінің орынды екендігін құптап, Р.Рүстемов пен С.Тәуіпбаевқа жаңа қызметтерінде табыс тіледі.

«АҚБҰЛАҚ» АУЫЛҒА КЕЛДІ

Тіршілік нәрі саналатын ауызсу мәселесі қашан да өзекті тақырыптардың бірі болып, күн тәртібінен түскен емес. Бұл қамту мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының біріне айналды. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған әр жылдардағы Жолдауларында ауызсумен қамтуды басым бағыттардың бірі ретінде қарастырып жүр.

Осы мақсатта елімізде «Ақ бұлақ - 2020» бағдарламасы қабылданғаны баршаға мәлім. Бағдарламаның негізгі мақсаты халықты қажетті көлемдегі және сапасы кепілдендірілген ауыз сумен жабдықтау, сумен жабдықтау жаңа нысандарын салу мен бұрынғыларын қайта жөндеу кезінде жүйелі жолдарды енгізу, елді мекендерде сумен жабдықтау жүйесін тиімді пайдалануды қамтамасыз ету. Оны жүзеге асыру екі кезеңде жүзеге асырылады. Оның біріншісі 2011-2015 жылдарға, екіншісі - 2015-2020 жылдарға есептелген.

Облыс әкімінің 2014 жылға арналған іс-қимыл жоспарында облыс тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында Шиелі ауданы Шиелі кентінің сумен жабдықтау жүйелерін және Қазалы ауданы Байқожа локалды су құбырын қайта жаңғырту жұмыстарын жалғастыру туралы айтылған. Сонымен қатар, Шижаға, Қамыстыбас, Аманөткел, Аралқұм, Бөген, Жаңажол, Іржікөл, Алдашбай ахун, Қуандария, Көмекбаев, Қармақшы, Байқожа елді мекендерін, Жаңақорған ауданының Жаңақорған және Арал ауданының Сексеуіл кенттерін сумен қамту бойынша жобалау жұмыстарын жүргізу туралы тапсырма берілген.

2-бөт

• ТҰСАУКЕСЕР

КҮН СӘУЛЕСІНЕН ҚҰАТ ӨНДІРЕТІН СТАНСА

Кеше Жаңақорған ауданы-

на жұмыс сапары барысында

аймақ басшысы Қ.Көшербаев

Шалқия кенті маңындағы

жаңадан салынатын балама-

лы қуат көзі болып табылатын

күн сәулесінен электр қуатын

алаатын стансаның тұсаукесер

рәсіміне қатысты. Бұл жобаны

германиялық кәсіп иелері қолға

алды. IBC Solar атты компания

аталған қуаты 50 мВт болатын

стансаның құрылысына 65 млн

евро қаржы бөліп отыр. Стан-

са құрылысын бастауға барлық

әзірлік тиянақталған. Биылғы

жылы 20 мВт қуат өндірілсе,

келер жылы қалған 30 мВт

қуатты толықтай қажеттілікке

жұмсауға мүмкіншілік жаса-

лады. Тұсаукесер рәсімінде

IBC Solar компаниясының

бас құрылтайшысы Удо Мор-

штедт сөз алып, бірлесе

жұмыс істеуге келісім берген

облыс басшысы Қырымбек

Елеуұлына алғысын білдірді:

– Жер жағдайы өте жақсы,

құрылысты тез арада бастап,

оны халық игілігіне жұмсауға

барлық мүмкіншілік жетеді.

Салынатын стансаның беретін қуаты өте мол, осы

арқылы өзге де кәсіпкерлік саласын дамытуға

жол ашылады. Біз Сіздермен түсіністік пейілде

жұмыс атқаруға дайынбыз, – деді ол жиын бары-

сында.

Жаңақорған ауданы облысымыздағы күн

сәулесі көбірек түсетін өңір. Оның үстіне

бұл жерде өндіріске қолайлы жазық жерлер

жеткілікті. Оны игере бастау, әрине, көптеген

өндіріс орындарының өз қуатында жұмыс

істеуіне, өнімдерді молынан өндіруіне септігін

тигізеді. Сондықтан қаржылы капиталы мол

шетелдік компаниялардың бірлескен кәсіпорын



ашып, өз байлығымызды жете игергені елдің еңсесін тіктей түсері анық. Әлемдегі дамыған елдер қатарына қосылуы үшін, әрине, мұндай тиімді факторлар қолдау тапқанының әсері мол болмақ. Тұсаукесер рәсімінде осы жобаны ұсынушы Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰҰ инновациялық паркінің директоры В.Ким өз пікірін білдірді.

Аталмыш салтанатты қорытындылаған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев жаңа істің басталуымен баршаны құттықтап, алдағы шаруаларға табыс тіледі.

Нұрмахан ЕЛТАЙ, Жаңақорған ауданы.

ТАҒАЙЫНДАУ



Облыс әкімінің 2015 жылғы 16 ақпандағы өкімімен, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Жаңақорған аудандық мәслихатының келісімдері бойынша **Рүстемов Руслан** Жаңақорған ауданының әкімі лауазымына тағайындалды.

Рүстемов Руслан 1968 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданында дүниеге келген. 1994 жылы өл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін - филолог, қазақ тілі мен әдебиетінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1994 жылы Қызылорда педагогикалық институтының қазақ әдебиеті кафедрасының стажер оқытушысы болып бастаған. 1997-2002 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің аппаратында маман, консультант, Қызылорда

қаласы әкімінің баспасөз хатшысы, Қызылорда қалалық мәдениет бөлімінің меңгерушісі, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2002-2008 жылдары Қызылорда облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары, Қызылорда облысы әкімі аппаратының әлеуметтік-саяси бөлімінің меңгерушісі, 2008-2010 жылдары Шиелі ауданы әкімі аппаратының жетекшісі, Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, 2010-2014 жылдары Қызылорда облыстық ішкі саясат, сондай-ақ, тілдерді дамыту басқармаларының бастығы, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары лауазымдарында қызмет еткен. 2014 жылдан бастап Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы қызметін атқарып келді.

Жаңақорған ауданының әкімі қызметін осы уақытқа дейін атқарып келген Тәуіпбаев Сұлтанбек Тәуіпбайұлы И. Өбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің директоры болып тағайындалуына байланысты атқарған қызметінен босатылды.

“АҚБҰЛАҚ” АУЫЛҒА КЕЛДІ

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасынан алынған мәліметтер бойынша «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында 2014 жылы барлық қаржы көздерінен 7,87 млрд теңге бөлініп, игерілді. Оның ішінде 21 жобаның құрылыс жұмыстарына 4225,7 млн теңге (РБ-3,83 млрд теңге, ОБ-388,5 млн теңге) және ауыз су тарату қызметтеріне берілетін субсидияға 3,31 млрд теңге бөлінген.

Облысқа трансфертпен берілген қаржылардан басқа тікелей Су ресурстары комитетінің қаржыландыруымен 2014 жылға 3,3 млрд теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде Жиделі топтық су құбырына 8 елді мекенді қосу жобасына 1,1 млрд теңге және Талап топтық су құбырына 1,2 млрд теңге жұмсалды. Бұл құрылыстар 2015 жылы жалғасын табады.

2014 жылдың қорытындысымен облыс бойынша барлық 262 ауылдық елді мекеннің 185-сі орталықтандырылған су жүйесіне қосылды немесе 71 пайызды



құрады (2012 жылы 178 елді мекен 69 пайыз болған).

Жалпы 2014 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасымен жасалған жұмыстармен 10 жобаның құрылысын аяқтап пайдалануға беру жоспарланған болатын. Соның ішінде 7 жобаның құрылысы аяқталып 50 шақырым ауызсу жүйесі жаңғыртылды, 961 дана су есептегіш пайдалануға берілді. Арал ауданында Сексеуіл; Қазалы ауданында Байқожа; Қармақшы ауданында Тұрмағамбет, Ақай, Жосалы; Жалағаш ауданында Бұқарбай, Ақсу; Сырдария ауданында

Аманкелді, Аққарма, Мәлібаев, Бесарық; Шиелі ауданында Желек, Алмалы, Тәжібаев; Жаңақорған ауданында Түгіскен елді мекендерінде ауызсу жүйесін жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

Облыс орталығы Қызылорда қаласында да «Ақбұлақ» бағдарламасы аясында ауқымды жұмыстар атқарылғанын атап өткен жөн. Республикалық бюджеттен бөлінген 1,5 млрд теңгеге қала ішінде және 5 ауылдық округте 18 су ұңғымалары бұрғыланып, Ақсуат, Абай, Айнакөл, Ақ-

жарма, Қараөзек елді мекендерінде 49,8 шақырым ауыз су жүйесі, 74,5 шақырым сервистік желілер тартылып, 1750 су есептегіш құралдары орнатылды. Қызылорда қаласы бойынша 2015 жылы «Ақбұлақ» бағдарламасын жалғастыруға республикалық және облыстық бюджеттен 3,3 млрд теңгеге тиісті жұмыстар атқарылады деп күтілуде. Оның ішінде Қызылорда қаласы бойынша 3,1 млрд теңге және Ақсуат ауылы бойынша 207,3 млн теңге игеріледі деп күтілуде.

Жоғарыда аталып өткен жобалау жұмыстарына 2014 жылдың ақпан айында облыстық бюджеттен 322,8 млн теңге қаржы бөлініп, жобалау жұмыстары толық аяқталды. Жоспарланған барлық жобалау жұмыстары бойынша мемлекеттік оң қорытындылар алынды.

Осыалайша облыс әкімінің 2014 жылғы іс-қимыл жоспарындағы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытындағы жоспарланған жұмыстар толығымен аяқталды.

Ы.ТҰРЛЫҒҰЛОВ.

ЖАСТАР ДӘРІС ТЫҢДАДЫ

Жақында Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығы және облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім орталығы» КММ бірлесе отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған дәріс-таныстырылыммен ұйымдастырды.

Дәрістің мақсаты – этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің танымалдылығын арттыру, сонымен қатар, ҚХА-ның құрылу тарихы, қазіргі таңдағы міндеттері мен қызметін, мәртебесін таныстыру болып табылды.

Бірінші дәріс Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 4 факультетінде оқылды.

Одан әрі дәріс-таныстырылымдар И.Әбдікәрімов атындағы аграрлық-техникалық және Қызылорда медициналық колледждерінде, «Болашақ» университеті мен колледжінде, сонымен қатар, Қазақ-түрік лицейінде өткізілді.

Сондай-ақ, М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде және да-

рынды балаларға арналған мектеп-интернаты мен Назарбаев зияткерлік мектебінде осы шара жалғасын тапты.

Дәрісті Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты Н.Мыңжас, ғалымдар М.Жүсіпбекова, А.Еспенбетова, У.Ибраев, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері Л.Лин, М.Исаев, Г.Шербакова, А.Хамидов, И.Шек, Г.Гизатуллина, Г.Гейдарова, ҚХА облыстық ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері оқыды. Дәрісті жүргізу барысында ҚХА туралы бейнематериалдар, кітап көрмелері пайдаланылды.

Жалпы, дәріске 2 мыңнан астам студент жастар қамтылады. Сонымен қатар, осы күндері облыс көлемінде орта мектептерде Қазақстан халқы Ассамблеясының жылына арналған ашық сабақтар өткізілді.

С.АДАЙБАЕВА.

ТАРИХТАН СЫР ШЕРТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КӨРМЕ

Ә. Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арналған «ҚХА – татулық пен бірліктің кепілі» атты тақырып аясында кітап көрмесі болып өтті.

Ұлт пен ұлысты ұйыстырып, елдегі бірлік пен татулықтың кілті болған теңдессіз ұйымның бүгінгі жетістігіне арналған шараға этномәдени орталықтар өкілдері мен оқырмандар, студент жастар қатысты. Шараны облыстық кітапхана директоры Нұржамал Мырзамұратова ашып берді.

– Өздеріңіз білетіндей, Елбасы қашанда елімізде өмір сүріп жатқан барлық ұлттардың тең құқылы болуын, олардың татулығын назардан тыс қалдырған емес. Себебі, елдің бірлігі, халықтың татулығы – қоғамның, еліміздің басты байлығы, алтын кілті. Сондықтан осы тұтастығымызды жас буын өкілдеріне үлгі етіп көрсету мақсатында ұлт пен ұлыс-

тардың тарихын баян ететін көрмені назарларыңызға ұсынып отырмыз», делі.

Көрме «Ата дәстүрін сақтаған ұлт», «Жер бетінде мәңгі тұр қазақ елі!», «Этносаралық ынтымақ – ел тірегі», «Ұлттар арасындағы достық – ұлы жетістік», «Қызылорда – татулық пен бірлік келісім қаласы» атты бес бөлімнен тұрды. Өрбір бөлімде еліміздің бүгінгі мен өткенінен сыр шертетін тағылымды дүниелер топтастырылған. Оның ішінде бейбітшілік пен достыққа шақыратын шығармалар мен тарихымызды тереңнен танып-білуге үйлейтін туындылар айрықша орын алған. Осындай кең көлемде ұсынылған көрменің куәсі болған көпшілік тәуелсіз еліміздің асқан асулары мен бағындырған белестері жайындағы танымды шығармалармен танысып, ерекше әсер алып таркасты.

Мейрамғұла ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

достастығында» атты концерттік бағдарламасына ұласты. Мереке аясында колледж студенттері әр ұлттың салт-дәстүрі, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық киімдері мен тағамдары туралы слайд-шоу ұйымдастырып, әр ұлттың әнін айтып, бин биледі. Ұлттық тағамдарынан дом әзірледі. Сондай-ақ, кеш барысында қалалық М.Әуезов атындағы балалар кітапханасының меңгерушісі Мирамқұл Өтегенова «Ассамблея тарихы – ел тарихы» атты танымдық сағат өткізсе, осы кітапхананың кітапханашысы Сағира Алданбергенова «Қазақстан – бар ұлысқа шаңырақ» атты кітап көрмесіне шолу жасап, Ассамблея мен халықтар достығына арналған әдебиеттер жөнінде кенінен насихаттап берді. Мазмұнды кеш соны «Атамекен» әнімен аяқталды.

С.МИРАС.

Сыр атырауы мен Арал аумағындағы ағайынның қазақы аман-саулық рәсімінен кейін, міндетті түрде дерлік қоятын бір сұрағы бар бүгін: «Ау, Аралымыздың жағдайы не болып жатыр?..» Мал-жан, ел-жер амандығының бар мән-мәйегін бір бойына сіңіргендей, салмақты, мәселелі сұрақ бұл сол әлеумет үшін. Осы сұрақ, ел-жер мүддесінде ағай-

Сайлаубай ЖҮБАТЫРҰЛЫ,
жазушы, эколог

ТЕҢІЗ ТАҒДЫРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ТАҢДАУ

Осы күні жарқын жеңіс, шырайлы нәтиже түрінде қабылданатын көп игі істердің біразының бастауында табанды ізденіс, бейнелі еңбек, тіпті, күмән салқынмен күрес деген іс-қимыл алабы жатыр. Жеңіс оңайлықпен келген бе? Ең айқын деген мақсаттар жолының өзінде, шүбә кедергілерімен күресе жүріп қана, игі нәтижеге жол ашу қажет болады кейде. Бұл, жалпы, өмір диалектикасының бір парасы десе де болар... Елімізді қол жеткізген ұлылық-кішілі жеңістер қатарында, Астана төңірегіндегі орман алабын өсірудің, ғалымдар мен мамандардың «пессимистік» есебін жеңе отырып, ойдағыдай жүзеге асқан нұсқасы, Оңтүстік өңірлерде, сол іспетті проблемалы жағдайларда, су үнемді, аса тиімді жүзімдігер алабын кеңейтуге қол жеткізу – сондай ізденіс, батыл ұстаным, қажырлы еңбек нәтижелері деп айтуға болады.

Арал мәселесі де осы үдерістерден тысқары емес.

Елбасымыздың Сыр бойына сапарында мән бере атаған Арал өңірін өркендету бағытындағы жұмыстар ауқымы – аймақтағы іс-әрекеттер кешенінің өрісінде, тұрақты түрде күн тәртібінде тұр бүгін. Сыр бойының өмір тынысы сан-салалы, әлеуметтік, экономикалық бағыттардағы бастамалар елдің көз алдында. Бітер істің байырғы нышанындай, дабыра-дақпыртқа көп қол артпай бермей ғана атқарылып жатқан Солтүстік Арал теңізін көтеру ісі де сол жоспарлы, мұратты мақсаттардың сана-тында. «Орайымен бітер жұмыстың нәтижесін басталуынан байқау керектігін» айтқан Абайдың даналығы ойға оралады бұл ретте.

Ел саясаты Солтүстік Арал теңізін біртұтас көтеру бағытын тандады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Сыр бойына келген сапарында халық тілегін, ел-жер мүддесін ескере, салмақты мәселенің шешу жолдарын алға тартты. «Мен Арал теңізіне көмектесем деген арманымға жеткеніме қуаныштымын!» деген Елбасы сөзінің кезеңді жүзеге асыуы осылай көрініс тапты.

Бұл орайдағы ел-жұрттың алғыс сезімі шексіз.

Солтүстік Арал теңізін қалпына келтіру мен Сырдария арнасын реттеу жолында аймақ басшылығы, осы күні, Елбасымыздың тапсырмаларына орай, қыруар жұмыстар тындырып жатыр. Бұл тақырыпты өткенде тілге тиек еткен бір ой-пайымымызда, облыс басшылығының Арал өңірі халқының көп жылдық сұраныс-өтінішін ел саясатына жалғауда атқарған «алтын көпір» миссиясын, солай, Арал мәселесінде демократиялық үдерістің бір жарқын мысалы жүзеге асып жатқанын айтқан болатынбыз. Бұл үрліс әрі жалғасын тауып жатыр. Облыста осы уақыт ішінде Дүниежүзілік Даму Банкі өкілдерімен бірнеше нәтижелі кездесулер, Сыр ағысының жоғарғы жағында орналасқан көршілермен «Кіші Арал» мәселесінде бір тұғырға келу келіссөздері, САРАТ-2 жобасының құрамдас бөліктерін бір-біріне ұтырып үйлестіре, пайдалы ұштастыра жалғау жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстардың қорытындылары заңды, құжаттық негізде, жобаны жүзеге асыру ісінің бір міндетті кезеңі ретінде орындалды. Әлемдік қаржы дағдарысы бедерінде, жобаның мақсат-бағыттарын тоқыратып алмау үшін, 6 құрамдас бөлік жұмыстарын кідіртпей бастай беруге шешім қабылданған болатын. Бұл бөлік жұмыстары бүгін ұйымдастыру, қаржыландыру кезеңіне аяқ басты. Жалпы құны 23,2 миллиард теңге шамасында.

Әйтсе де, «Сегіз ұлым – бір төбе, Ерестігім – бір төбе» дегендей, САРАТ жобасының шоқтықты мәселесі – Солтүстік Арал теңізін көтеру ісі. 2005 жылы бұл жобаның бірінші кезеңі жүзеге асқанда, «Көк-арал» бөгетінің жотасы 44 метрге, Кіші Арал суы 42 метрге жетіп, елді бір қуантып тастап еді. Енді, осы

ынмен, қыс демей, жаз демей, жиі жүздесіп тұратын басшылықтың да зейіл аясында, реті келгенде, мәселеге қалам тартатын біздің де құлағымызға жиі шалынады.

Сонымен, Аралдың дәлірегі, ел күткен Солтүстік Арал айдынын көтеру жұмысының жай-жапсары қалай бүгін?



денгей әрі дамытылып, «Кіші Арал» суын 48 метрге жеткізу мақсаты алда тұр. Сөйткен жағдайда, өмірге қайта оралған бұл теңіз жұртшылық тілегі, ел мүддесіне толымды жауап бере алмақ.

Сондай нәтижеден ел күткен игілік бағыттары сан-салалы. Ең бастысы, Арал болашағына деген халық сенімі бекем тартты. Арал өңіріне қайта орала көшіп келушілер саны көбейді. Бұл жақсы нышан. Кіші Арал толысуы, ғалымдар айтқандай, бірнеше жылдарда, бәлкім, тіпті, он есе тездікте жүзеге асар, әйтеуір, бұл уақыт теңіз жұрты үшін «бос құтту» болмайды. Үмітті талапты халық бері жылжыған теңізін әр сәт, әр сүйемінен ұтырып тірлік көзін табатын болады. Елге үміт берген бұл бастама – халықты біріктіруші, қауымдастырушы фактор болмақ.

Кешегі, дәуірлі шағында бүткіл Аралдан ауланған 500 мың центнер балықтың жарты көлем шамасын осы Солтүстік теңіз берген. Осы көлемге қайта қол жетелі деген болжам бар. Демек, өзге еш жерде жоқ бірегей балықшылық кәсібі толық жанданады. Жаңа кәсіпорындар мен жұмыс орындары ашылады. Бір кездері Арал қаласында ірге тепкен Орталық Азиядағы бірден-бір және бірегей кеме жасау ісі қайта жандануы мүмкін. Жаңа заман үрдісінде туризм кластері жолға қойылады. Берісі – Ақтөбе, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, әрісі – бүкіл ел аумағы мен алыс-жақын шетелге ет, сүт, балық өнімді, аспанын бұлт шалмайтын, жағажайлары ыңғайлы, әуе, теміржол, автожолдар бойында қолайлы орналасқан үлкен су құшақ ашады... «Сыр-Арал-Торғай-Қорғалжын...» халықаралық экологиялық «дәліз» жанданады. Сыр бойының да экологиясы оңала бастайды. Және Сарышығанақ басты осы Кіші Арал құрамында толықтай тірілетін болады. Бұл күтулі игіліктердің сандармен өрнектелген нақты көлемі мамандар есебінде көрініс тауып отыр.

«Көксарай» су реттегіші, елге жария етілген өз мақсатына лайықты жағдайда, Арал теңізіне көмек беру мақсатында, осы үдерістің бір елеулі тетігіне айналады деген сенім бар. Бұл жайтқа да тиісінше назар аудару – аса ділгір шаруа.

Кіші айдын – әлем үшін жойылуға қараған Арал экодүниесін сақтап қала алатын бірден-бір теңіз жөдігері. Сыралабында осы мақсатқа үлесті су бөлулі халықаралық саясат тетігінде жолға қоюдың осындай зор негізі бар және осыны заңдастыру үлкен жеңіс болған болар еді. Асылы, Арал мәселесінде, бүгінгі таңда, Сыр суына еш балама жоқ. Дария салауаттылығы, жақсы көршілік қатынас, Орталық Азияның ортақ тағдырына деген түсіністік көзқарас еліміздің қажырлы ішкі-сыртқы саясатының арқасында сындарлы бір арнаға түседі деген сенім бар.

«Жақсылық қылсаң, бүгін қыл!» дейді дана халқымыз. Жарты ғасырдан астам аса ауқымды экология қыспағын бастан кешкен Арал жұртшылығының, қандай жағдайда да, осынау игілікті нәпақаны сұрауда да, күтуге де толық моральдік негізі бар енді.

БАР БАЙЛЫҚТАН ҚЫМБАТ

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай өңірімізде түрлі іс шаралар ұйымдастырылып келеді. Жуырда «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығының ұйытқы болуымен М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінде «Татулық пен бірлік» – Қазақстандық қоғамның басты құндылықтары» атты тақырыпта «дөңгелек үстел» болып өтті. Оған облыс әкімі аппараты Қоғамдық келісім орталығының мамандары, ұлттық-мәдени орталықтардың жетекшілері, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері және белсенді жастар қатысты.

Шараның негізгі мақсаты – аймағымыздағы ұлттар мен ұлыстардың бірлігін, татулығын насихаттау, оны жас буын өкілдеріне дөріп-теу және атаулы мерекеге орай өткізіліп жатқан іс-шараларға белсенді араласу болып табылды.

«Дөңгелек үстел» барысында «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» қауымдастығы төрайымының орынбасары Ж.Тұсмағамбетов пен Қоғамдық келісім орталығы директорының орынбасары А.Жұмабаев сөз алып, шараның маңыздылығына кеңінен тоқталып өтті.

Сонымен қатар жиналғандар Ассамблеяның атқарып жатқан жұмыстарына, ұлттар арасындағы ынтымақтастық пен татулықтың нығаюына байланысты ойларын білдіріп, ұсыныс-пікірлерін де жеткізді.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

БІРЛІГІМІЗ ДОСТЫҚТА

Елімізде тұратын ұлттар мен ұлыстардың бірлігі мен татулығы, өзара келісімі әрқашанда қуатталып жүргендігі баршамаызға мәлім. Тәуелсіздік алғалы бері елдегі халықтар достығы нығайып, татулығы беки түсті. Биылғы жылды Елбасы Н.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына арнап, тарих пен тағдыр мәңгілікке біріктірген халқымыздың бірлігін паш ететін жыл

болады деп жариялады. Осы орайда жылдың басты оқиғасы саналған ұлттар достығы мерекесі Арал қосалалы колледжінде де аталып өтті. Онда «Біздің ортақ отбасымыз» – ол Қазақстан» атты тақырыпта тәрбие сағаттары, «Менің таңдауым – бейбітшілік» атты спорттық шаралар, «Біз Ассамблеяны сүйеміз» атты танымдық кештер өтіп, «Біздің бірлігіміз – көпұлтты халықтар

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ӨРКЕНДІ ЖЕМІСТЕРІ

ІС-ҚИМЫЛ ЖОСПАРЫ

АВТОКӨЛІК ЖОЛДАРЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖАЛҒАСАДЫ

Елбасы Жолдауда қазіргі күні де қайнаған тіршіліктің бәрі күре жолдың бойында екенін, сондықтан да жол шын мәнінде өмірдің өзегі, бақуатты тірліктің қайнар көзі екенін атап өтті. Расында, осы жолдардың ішінде автомобиль жолдарының алар орны ерекше. Облыс әкімінің биылғы жылға арналған іс-қимыл жоспарында осы автомобиль жолдарын салу мен күрделі және орташа жөндеуге айрықша көңіл бөлілді. Соның ішінде 2015-2019 жылдарға арналған “Нұрлы жол” инфрақұрылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының жобасын әзірлеу шеңберінде республикалық маңыздағы “Қызылорда-Жезқазған” автомобиль жолын қайта жаңғырту мәселелеріне де ерекше көңіл бөлінбекші.

Шындығында, жалпы ұзындығы 204 шақырымды құрайтын “Қызылорда-Жезқазған” автожолының маңызы зор. Өйткені, бұл жол еліміздің оңтүстігі мен солтүстігіне және орталығына тікелей шығуды қамтамасыз етеді. Яғни, бұл жол біздің облыстың еліміздің басқа өңірлерімен қарым-қатынасын бірнеше ондаған шақырымға қысқартады. Өз кезегінде ол облыстың экономикалық тұрғыдан дамуына жол ашады.

Жалпы бүгінде өңіріміздегі облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 2245,5 шақырымды құрайды. Өткен жылы осы жолдың 94 шақырымына күрделі және орташа жөндеуден өткізу үшін республикалық бюджеттен 4195,4 млн теңге бөлініп, ол толықтай игерілді. Сонымен қатар былтыр облыста “Жұмыспен қамту – 2020” бағдарламасы бойынша орташа жөндеу жұмыстарына 697819 мың теңге бөлініп, оған Арал ауданының Сексеуіл кенті мен Шиелі және Жаңақорған аудандарындағы аудандық маңызы бар бірқатар көшелерге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жергілікті бюджеттен де бөлінген 7445 млн теңгеге қала мен аудандардағы маңызы бар автомобиль жолдарына күрделі және орташа жөндеу жұмыстары да атқарылып, Сырдария кентінің тұсындағы көпір құрылысы аяқталды. Сондай-ақ, Қызылорда

“Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аумақтың иесі. Сондықтан аталған жоспар орасан қаражат пен еңбекті, аса ауқымды жұмысты қажет етеді. “Елдің өркенін білгің келсе, жолына қара” деген қағида қалыптасқан. Барыс-келіс пен алыс-берісте жол қатынасы айрықша маңызға ие. Көне заманда ірі қалаларымыздың көбі Ұлы Жібек жолын жағалай қоныс тепкен”.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың
“Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауынан.

қаласындағы Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысы мен қала мен елді мекендерде автокөлік жолдарын жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Биылғы жылы да бұл салада кең ауқымдағы істер жүзеге асырылады деп күтілуде. Соның ішінде облыс басшысының іс-қимыл жоспарына сәйкес аудандық маңыздағы “Самара-Шымкент-Бекбауыл” автомобиль жолының 22 шақырымының және Қазалы ауданындағы “Бозкөл-Тасарық” автомобиль жолының 22 шақырымына қайта жаңғырту жұмыстары басталады. Ал, Қазалы ауданындағы аудандық маңыздағы “Бекарыстан би - Қожабақы” жолының 18 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары аяқталады деп жоспарланып отыр. Сонымен қатар осы аудандағы Жанқожа батыр және Жалағаш ауданында Мәдениет, Сырдария ауданында Ақжарма тіректі елді мекендерінің көшелеріне күрделі жөндеу де жүргізіледі.

Мұнан бөлек биыл Елбасының “Нұрлы жол – болашаққа бастар жол” атты Жолдауында тапсырылған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында жергілікті жолдар желісін дамытуда облыстан 73 млрд теңгені құрайтын маңызды деген 17 жоба да ұсынылып қойылған. Сонымен қатар республикалық маңызы бар “Қызылорда-Жалағаш” жолын қайта жаңғырту жобасы бойынша ҚР Инвестициялар және даму министрлігімен қаржы бөлу жөніндегі жұмыстар да қолға алынды. Негізгі үстіміздегі жылы жергілікті жол желісін дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 4392 млн теңгеге Қызылорда қаласындағы көпір

